

КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, САЯСАТКЕР САБЫР НИЯЗБЕКОВТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ

Symbat Akhmetova* 

Андатпа.

Мақалада Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, саясаткер һәм дипломат Сабыр Біләлұлы Ниязбековтің ғұмырнаамасы мен қызметі баяндалды. С.Б.Ниязбековтің жеке архивінде сақталған қолжазбалары мен тарихи-құжаттық фактілерге сүйене отырып, Қазақстанның XX ғасырдағы Қазақ КСР-ның «кемелденген социализм» дәуіріндегі тарихи-мәдени тыныс-тіршілігі талданды. Тарихи-құжаттық фактілер ретінде С.Б.Ниязбековтің еңбек кітапшасы, дипломатиялық паспорты, әскери билетіндегі жазбалар, фотоальбомдары, Қазақстан, Ресей, Франция, Канада, Иран, Германия, Моңғолия және басқа да бүгінгі ТМД елдерінің газет-журналдарында жарияланған баяндамалары, фотосуреттері, сұхбаттары, Б.Рамазанованың «Елім деп соққан жүректер. Ойтолғау» атты 2006 жылы шыққан кітабындағы «Нардың жүгін көтеріп өткен азамат» деген С.Б. Ниязбековке арнаған естелігі талданды. Сондықтан да, Кеңестік дәуірдегі Қазақ КСР және Егемен Қазақстан қоғамындағы тарихи-мәдени даму динамикасының ерекшеліктерін салыстыра отырып, «Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Б.Ниязбековтің басқару және дипломатиялық қызметі (XX ғасырдағы Қазақ КСР тарихы негізінде) атты зерттеуде отандық тарих ғылымындағы ділгір мәселелерінің бірі – Тұлғатану арқылы тарихи тұлғаның ұлттық мүддеге сіңірген еңбегін, қайраткерлік келбетін байыппен бағамдауды көздедік. Өйткені, осы уақытқа дейін С.Ниязбеков өзінің шынайы тарихи бағасын ала алмай келгені шындық. Әсілінде, С.Ниязбековтің ғұмырнаамасына үңілсек, бірішіден, ол Қазақстанның бірнеше аймақтарын – облыс орталықтарын басқарған. Қызмет бабымен еліміздің түпкір-түпкірінде болып, ауыл еңбеккерлерінің тыныс-тіршілігімен таныс болған. Ел-жерді аралап жүргенде Қазақстанның «киелі жерлерін» қадір тұтып, қандай жағдайда да қаперінде қасиетті мекенінің туы мен рухын жоғары ұстаған Ел тарихына ықыласпен қараған қазақтың патриот ұлы екендігі баян етілді. Сондай-ақ, ғұмырнаамасының хронологиялық ақпараты толықтай ұсынылды.

Түйін сөздер: жеке архив қоры, Сабыр Біләлұлы Ниязбеков, ғұмырнама, мемлекет және қайраткері, коммунистік идеология, тарих, мәдениет, ескерткіш, сұхбат, баяндама, қоғам, Ұлттық рухани жаңғыру

АРХИВНЫЕ ФАКТЫ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВИДНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ, ПОЛИТИКА САБЫРА НИЯЗБЕКОВА

Аннотация.

В данной статье, опираясь на историко-документальные факты из биографии видного государственного и общественного деятеля, политика и дипломата Ниязбекова Сабыра Биляловича, был сделан обзор историко-культурной жизни Казахстана в эпоху «зрелого социализма» Казахской ССР XX века. Трудовая книжка, дипломатический паспорт, военный билет, фотоальбомы, репортажи, фотографии, интервью, опубликованные в газетах и журналах Казахстана, России, Франции, Канады,

* Master's Degrees in History of Science, Head of the Museum-office of L. N. Gumilyov ENU, symbat_11051963@mail.ru.

Ирана, Германии, Монголии и других стран СНГ были взяты из источников личного архива С.Б.Ниязбекова как исторические и документальные факты. Проанализирована память о С.Б. Ниязбекова под названием «Нардың жүгін көтеріп өткен азамат» из книги С.Б. Рамазановой - «Елім деп соққан жүректер. Ойтолғау», изданной в 2006 г. Поэтому, в исследовании «Управленческая и дипломатическая деятельность выдающегося государственного и общественного деятеля С.Б. Ниязбекова (По материалам истории Казахской ССР в XX веке) рассматривали сравнивая особенности динамики историко-культурного развития Казахской ССР в советское время «совершенного социализма». Одним из самых масштабных вопросов в истории страны является серьезная оценка заслуг исторической личности в национальных интересах страны. Также заявлено, что до сих пор С. Ниязбекову не удалось получить правдивую историческую оценку. На самом деле, если посмотреть биографию С. Ниязбекова, прежде всего, он возглавляя несколько областей Казахстана - областных центров, он побывал в разных уголках страны, ему было хорошо известно быт и жизнь сельских тружеников. Сабыр Билялович при любом случае оставался патриотом своей Родины, объездив почти весь Казахстан он с большим уважением относился к «святым местам» страны, высоко держал дух священных мест. Хронологические сведения его биографии также представлены в полном объеме.

Ключевые слова: личный архивный фонд, Сабыр Билялович Ниязбеков, биография, государственный и деятель, коммунистическая идеология, история, культура, памятник, интервью, репортаж, общество, Национальное духовное возрождение

ÜNLÜ DEVLET ADAMI SİYASETÇİ SABİR NİYAZBEKOV'UN ÇALIŞMALARINA İLİŞKİN ARŞİV VERİLERİ

Özet

Makalede önde gelen devlet ve halk figürü, politikacı ve diplomat Sabir Bilalulı Niyazbekov'un biyografisini ve faaliyetini ele alınmıştır. S. B. Niyazbekov'un kişisel arşivinde tutulan el yazmaları ve tarihi-belgesel gerçeklere dayanarak, Kazak SSC'nin 20. yüzyılda "mükemmel sosyalizm" çağındaki tarihi ve kültürel hayatı analiz edilmiştir. Tarihsel-belgesel gerçekler olarak, S. Niyazbekov'un istihdam belgesi, diplomatik pasaportu, askeri kartındaki notlar, fotoğraf albümleri, raporlar, fotoğraflar, Kazakistan, Rusya, Fransa, Kanada, İran, Almanya, Moğolistan ve diğer BDT ülkelerindeki gazete ve dergilerinde yayınlanan röportajlar B. Ramazanova'dan "Ülkem Dep Sokkan Jüregim" (Ülkem Diye Atan Yüreğim) adlı 2006 yılında yayınlanan eserindeki "Nardın Jügün Köterip Ötken Azamat" adlı Sabir Niyazbekov için yazılan hatıraları incelenmiştir. Bu nedenle, Sovyet döneminde Kazak SSC ve Bağımsız Kazakistan toplumundaki tarihsel ve kültürel gelişme dinamiklerinin özelliklerini karşılaştırarak, "Devlet ve halk figürü S.B. Niyazbekov'un Yönetim ve Diplomatik Faaliyeti(20. yüzyılda Kazak SSC tarihi)" adlı çalışmasında "kişilik tanıma" ile tarihi bir kişinin ulusal çıkarlar için erdemlerini, karakterini ciddi bir şekilde değerlendirmeyi amaçladık. Sonuçta, S. Niyazbekov'un bugüne dek kendi yerini alamamıştır. Aslında S. Niyazbekov'un biyografisine bakarsak, her şeyden önce Kazakistan'ın birkaç bölgesini - bölgesel merkezleri yönetti. İşi gereği yurdun ücra köşelerinde bulunmuş ve kır işçilerinin hayatına aşınaydı. Ülkeyi dolaşırken Kazakistan'ın "kutsal yerlerine" sahip çıkan, mezarında kutsal yerinin bayrağını ve ruhunu yükseklerde tutan büyük bir Kazakistan vatansever olmuştur. Ayrıca biyografinin kronolojik bilgileri eksiksiz olarak sunulmuştur.

Anahtar kelimeler: Kişisel Arşiv Fonu, Sabir Bilalulı Niyazbekov, Biyografi, Devlet ve Figür, Komünist İdeoloji, Tarih, Kültür, Anıt, Röportaj, Rapor, Toplum, Milli Manevi Diriliş.

ARCHIVAL FACTS ABOUT THE ACTIVITIES OF A PROMINENT STATESMAN, POLITICIAN SABYR NIYAZBEKOV

Abstract

This article, based on the historical and documentary facts of the life of a prominent state, and public figure, politician and diplomat Sabyr Bilyalovich Niyazbekov, is an overview of the historical and cultural life of Kazakhstan in the era of “mature socialism” of the Kazakh SSR in the XX century was presented. In the early 70s, on a public basis, he founded and commanded the Society for the protection of historical and cultural monuments. Employment books, diplomatic passports, military IDs, photo albums, reports, photographs, and interviews published in newspapers and magazines of Kazakhstan, Russia, France, Canada, Iran, Germany, Mongolia, and other CIS countries were taken from the sources of the personal archive of S. B. Niyazbekov as historical, and documentary facts. The memory of S.B. Niyazbekov entitled “Nardyn zhugin koterip ötken azamat” from the book by S.B. Ramazanova - “Elim dep soqqan jurekter. Oitolgau”, published in 2006. Therefore, the study “Administrative and diplomatic activities of the outstanding statesman and public figure S.B. Niyazbekov (According to the materials of the history of the Kazakh SSR in the twentieth century) were considered by comparing the features of the dynamics of the historical and cultural development of the Kazakh SSR in the Soviet era of “perfect socialism”. One of the most ambitious issues in the history of the country is a serious assessment of the merits of a historical person in the national interests of the country. It is also stated that so far S. Niyazbekov has not been able to obtain a true historical assessment. In fact, if you look at the biography of S. Niyazbekov, first of all, he headed several regions of Kazakhstan - regional centers, he visited different parts of the country, he was well aware of the life and life of rural workers. Sabyr Bilyalovich, in any case, remained a patriot of his Motherland, having traveled almost all of Kazakhstan, he had great respect for the “holy places” of the country and held high the spirit of sacred places. The chronological information of his biography is also presented in full.

Keywords: *Personal Archival Fund, Sabyr Bilalovich Niyazbekov, Biography, Statesman and Figure, Communist Ideology, History, Culture, Monument, Interview, Reportage, Society, National Spiritual Revival*

КІРІСПЕ

Дербес тұлғаның өзі өмір сүрген кезеңдердегі атқарған істерінің оның мәнді де мағыналы болуы қоғам тынысымен тікелей байланыста болып, туған жеріне, елінің мүддесіне еткен еңбегімен бағаланады. Сондықтан, дербес тұлғаның жеке архивінде сақталған дерекөздер оның ғұмырнамасымен кеңірек танысуға мүмкіндік береді. Оның жеке құжаттары, отбасылық фотоальбомдары, қызмет барысында түсірілген фотолары, қойын дәптерлері, күнделігі, газет, журналдарда жарық көрген мақалалары, баяндамалары - тұлғаның өмір сүрген ортасы мен сол замандағы қоғам тынысының мәліметтері екендігі даусыз. Өйткені, тарих беттерінде құжаттық материалдар дәлелді де дәйекті ақпарат көзі болып саналады. Бұл деректермен танысып, мұқият зерттеу үрдісі – өткен тарихты білумен қатар, оның үлгі боларлық және өнеге аларлық тұстарын пайымдауға негізделеді. Мемлекеттің Басқару қызметін Отанды сүю мен патриоттық рухта сабақтастырған дербес тұлғаның ғұмырнамасын толықтай тануға мүмкіндік беретін жеке архивіндегі құжаттық, баяндаушылық материалдар легі Қазақстанның ХХ ғасырдағы тарихи-мәдени, тарихи-саяси даму динамикасының көрсеткіші бола алады.

1. МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысының деректік базасын көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, саясаткер әрі дипломат Ниязбеков Сабыр Біләлұлының жеке отбасылық архив құжаттары құрайды. Жеке қордағы құжаттық, баяндаушылық материалдарды тарихнамалық талдаудың ұстанымдарына сәйкес, зерттеу жүргізу барысында алдымен хронологиялық ретімен жүйелеу әдісі алынды. Методологиялық негізі дербес тұлғаның социалистік қоғамдағы еңбек жолын, мемлекеттің даму бағытындағы маңызды бағдарламаларды бекіту үрдісіндегі саясаткерлік және дипломаттық тұлғасын тануға мүмкіндік беретін феноменологиялық тұжырымдама бойынша қарастырылды. Зерттеу үрдісінде тарихи фактілердің шынайылығын дәлелдеуде тарихилық, деректанулық жүйелеу, отандық және шетел баспасөзіндегі тарихи деректердегі мәтіндік талдау көзделсе, ал, ресми мәтіндер мен баяндамаларды хронологиялық реттеуде мәтін мазмұны бойынша ақпарат көзінің саласына (сфера) сәйкес топтастырылды.

2. ТАЛҚЫЛАУ.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, саясаткер һәм Сабыр Біләлұлы Ниязбековтің өмірі мен қызметіне қатысты арнайы зерттеу еңбектері Отандық тарих ғылымында осы уақытқа дейін қолға алынбаған. Алайда, Ұлы Отан соғысынен кейінгі жылдардағы КСРО және Қазақ КСР-ның баспасөзінде, әсіресе XX ғасырдың «кемелденген социализм» дәуірі тұсында Отандық және шетел баспасөзінде С.Б.Ниязбековтің баяндамалары, кездесулерде сөйлеген сөздері, ресми сапарлары, КСРО астанасы Мәскеуге, Қазақ КСР-на ресми және достық сапарымен келген шетел Елшілерімен болған сұхбаттары, фотосуреттері көптеп басылған.

Зерттеу нысаны мемлекет және қоғам қайраткері С.Б.Ниязбековтің басқарушылық, саясаткерлік, дипломатиялық қызметін тарих ғылымының «Тұлғатану» деп аталатын сүбелі саласының ауқымында жан-жақты қарастыруға негізdedік. Осы уақытқа дейін аты еленбей келе жатқан қайраткер тұлғаның жеке архивіндегі қолжазбалары мен Ресей, Франция, Канада, Индия, Иран, Моңғолия, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Тәжікстан, Ливия, Сирия және т.б. шетел баспасөздерінде шыққан фотосуреттері мен сөйлеген сөздері, сондай-ақ әсіресе орыс жазушылары мен журналистерінің шығармаларындағы, қазақстандық және шетелдік баспасөздерде

берген сұхбаттарымен таныса отырып, Сабыр Біләлұлы Ниязбековтің өмірлік кредосы туған жеріне адал қызмет ету болғандығын мойындадық.

С.Б.Ниязбеков туралы 2006 жылы Б.Рамазанованың «Елім деп соққан жүректер. Ойтолғау» атты кітабына енген «Нардың жүгін көтеріп өткен тұлға» атты бірегей естелікті атауға болады. Одан өзге мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мемуарларындағы бірен-саран фотолардан, бір-екі ауыз сөздерінен кездестіреміз. Ең көп ақпараттар КСРО Мемлекеттік құжаттарында кездеседі. Ол туралы кеңірек зерттеу нәтижелерінде баяндалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Әке туралы толғаныс» кітабында Б.Рамазанова және С.Ниязбеков туралы былай деп жазған: «Әкейдің республика Жоғарғы Кеңесі Президиумындағы ұзақ жылдарғы қызметіне тоқталғанда, он жыл бойы осы маңызды органның екінші басшысы болған Бижамал Рамазанованы айтпай кетуге болмас. Б.Рамазанова білікті басшы ретінде әркез өзінің еңбекқорлығымен, қызметтес әріптестеріне деген ілтипатымен есте қалды. Б. Рамазанова қазақстандық парламентаризм тарихына тұлға ретінде енді.

Ұзақ уақыт Жоғарғы Кеңес Президиумына Сабыр Біләлұлы Ниязбеков жетекшілік жасады. Ол ұстамды, іскер және карамағындағы қызметкерлеріне әркез қамқорлық жасайтын басшы еді. Әкем Сабыр Біләлұлын өз қызметіне лайық деп санады. Ұжымның ішіндегі іскерлік, адамгершілік ахуал ең алдымен бірінші басшыға байланысты ғой. С.Ниязбеков құжаттардың қазақша-орысша мәтіні сапалы дайындалуына үлкен мән беретін. Әкей өзге әріптестерімен бірге заң жобалары мен қараулардың мәтінімен жұмыс істеп, қызметтен тым кеш оралатын күндері менің әлі күнге есімде» [Тоқаев, 2005: 199].

Қазақ КСР Мемлекеттік Заңдары мен Қаулылары және КСРО және шетелдік журналистерінің арнайы сұхбаттары мен С.Б.Ниязбеков туралы естеліктерінің көңілге қонымды тұстарының мол екендігі қуантады. Соның бірі, «Советская понарама» деп аталатын саяси ғылымдар агенттігінің (АПН) журналында Қазақстандағы Табиғатты қорғау Орталық кеңесінің атқарып жатқан жұмыстары жайлы С.Ниязбековпен агенттіктің меншікті корреспонденті Равиль Биктагировтің «КАЗАХСТАНСКИЙ ПОДХОД К ЭКОЛОГИИ» (15.ІІІ.77.АПН I СДІ/О 3920 РБ) атты сұхбаты, жарық көрген.

3. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Кеңестік дәуірдегі Қазақстан тарихы соңғы 30 жылдағы зерттеулерде сынға ұшырап келгендігі мәлім. Оған мысалдар да, дәлелдер же жеткілікті. Соған қарамастан, Кеңестік дәуірде мемлекеттік қызметте болған қайраткерлердің ұлт мүддесіне сіңірген еңбектері ұмытыла қойған жоқ. Оған Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Ташенев, Б.Әшімовтің қоғамдағы ролін тұлғалық болмысымен қатар таныстыратын мемуарлардың, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және мақалалардың шыққаны дәлел. Алайда, осы тұлғалармен замандас, үзеңгілес қызмет атқарған Сабыр Біләлұлы Ниязбековтің аты еленбей келеді. Атап айтсақ, С.Б.Ниязбеков 1965-1978 жылдар аралығында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының председателі және КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының председателінің орынбасары болды. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 6 мәрте, КСРО Жоғарғы Кеңесіне 3 мәрте депутат болып сайланды. Қазақстан Компартиясының Пленум және бюро мүшесі болды, бірнеше рет республикалық, Одақтық партия съездерінің делегаты және құрамына сайланды. 3 мәрте Ленин (1971, 1973, 1976 ж.ж.), 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту (1957, 1962 ж.ж.) ордендерінің және ондаған медальдардың иегері болды [Рамазанова, 2006: 240].

Сабыр Біләлұлы Ниязбеков көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, саясаткер әрі дипломат. Ол 1912 жылдың 15 желтоқсанында Ақмола облысына қарасты Астрахан ауданының «Өрнек» ауылында дүниеге келген. С.Ниязбековтің шежіре тарихын терең білетін аталас туыстарының айтуынша атасының аты Ниязмұхамбет болса керек. Кеңестік саясаттың салқыны діни ұстанымдар мен дінге қатысты атауларға да тигендіктен, ресми құжаттарға Ниязбеков деп тіркелген екен. Сонымен, Сабыр Біләлұлы (Ниязмұхамбетов) Ниязбековтің ғұмырнамасын жеке архивіндегі деректерге сүйеніп, еңбек жолын хронологиялық тәртіппен ұсынамыз.

Қазан төңкерісінен кейін, ел ішінде большевиктер өкіметі орнаған кезде «Өндіріс» ауылында 1922 жылдан төтеше оқытатын мектеп жұмысын бастайды. Онда бірінші Атбасарлық татар Ешберген ұстаз болған екен. Атқамінерлер шыдатпаса керек. Сабыр Біләлұлы 1924 жылы «Өндіріс» ауылының бір бөлімшесі «Төбе» деген жерде Тілеуғабылов деген мұғалімнен сауатын ашып, оқуды бастайды [Бақтыбаев, 2006: 238-239]. Бастауыш сыныптан соң, 1926/27 оқу жылын Есіл болыстығының орталығы «Қарабай» деген жердегі жетіжылдық мектебінде жалғастыруға Таулықұлы Қазез

камқорлық жасаған. Оқуын Ақмола қаласындағы алғашқы мұсылман мектебінде жалғастырды. Бұл мектепте 1909 жылы Мұсылман мектептерінде зайырлы пәндерден сабақ беру үшін Ақмолаға Уфа губерниясынан келген белгілі татар мұғалімі, Орынбор семинариясының түлегі Ғалымжан Шәкірзянұлы Құрмашевтан оқыған [Ниязбеков, жеке архив]. Ғ.Құрмашевтың күш-жігерінің арқасында Ақмоладан басқа кейінірек Тайтөбе, Майбалық ауылдарында, Ерейментау, Атбасар қалаларында ауыл мектептері ашылды. Құрмашев қазақ ұлтының көптеген танымал өкілдері: Рахымжан Қошқарбаев, Жұмабек Тәшенев, Сабыр Ниязбеков, Талғат Бигелдинов, Ілияс Есенберлиннің ұстазы болғаны туралы айтылады [Апсаметов, 2018].

С.Б. Ниязбековтің жеке іс парағының 17 пунктінде білімі жетіжылдық деп көрсетілген, яғни жетіжылдық мектепте 1922-1927 аралығында оқып, бітіргендігі және 1930-31 жылдары Орал қаласындағы Кеңес партия мектебінде, 1943-45 жылдары Мәскеудегі ВКП(б) ОК партия ұйымдарының Жоғары мектебінде (ВШПО) оқығандығы тіркелген. 1927 жылы Қарағанды облысының Ақмола ауданындағы №17 ауылсовет хатшысынан бастаған.

1929-1930 жылдары Ақмола аудандық кеңесінің жауапты хатшысы;

1930-1931 жылдары Орал қаласындағы партия-совет мектебінің тыңдаушысы;

1931 жылы Қарағанды облысы Нұра аудандық комсомол комитетінің хатшысы;

1931-1932 жылдары Ақмолада орналасқан «Казстройматериал» мекемесінің комсомол комитетінің хатшысы;

1932 жылы Семей облыстық еңбек бөлімінің жастар еңбегін қорғау бөлімінің нұсқаушысы;

1932-1934 жылдары Семей облыстық май өндіру бөлімінің бастығы;

1934-1935 жылдары Ақмола қаласы ауданаралық «Казторг» сауда базасында инспектор;

1935-1937 жылдары Қызыл Әскер қатарында;

1937-1938 жылдары Қарағанды облыстық архив басқармасының бастығы, 1938-1941 жылдары Қарағанды облыстық Литода саяси редактор, мекеме бастығы;

1941-1943 жылдары Қарағанды облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі;

1943-1945 жылдары КОКП жанындағы партия мектебінің тыңдаушысы;

1945-1951 жылдары Қостанай облыстық партия комитетінің хатшысы;

1951-1954 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы;

1954-1956 жылдары Мәскеудегі жоғары партия мектебінде оқып, тәмәмдайды;

1956-1960 жылдары Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы;

1960-1961 жылдары Тың өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы;

1961-1963 ж.ж. Целиноград обкомының бірінші хатшысы;

1963-1964 ж.ж. Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы;

1964—1965ж.ж. Алматы обкомының бірінші хатшысы;

1965-1978 ж.ж. Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының председателі және КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының председателінің орынбасары лауазымында қызметтер атқарды [Ниязбеков, жеке отбасылық архив].

С.Б.Ниязбеков Қазақстанның бірнеше облыстарын басқарған кезде ауылшаруашылығын өркендету және ауыл мен селоны көркейту ісін маңызды санаған. Мәселен, 1956-1960 жылдары Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кездерде бұл өңір Кеңестер Одағының ең жоғарғы мәртебелі Ленин орденімен марапатталған.

Орденді КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімі бойынша Кеңестер Одағы КП Орталық Комитеті Президиум мүшесі, Кеңестер Одағы КП хатшысы Е.А.Фурцева тапсырды. Ол, облыс еңбеккерлерін құттықтап, соңғы бес жылда еліміздің ауыл шаруашылығында болған үлкен өзгерістер туралы айтты. Партияның негізгі міндеттері коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және совет

халқының өсіп келе жатқан материалдық және рухани қажеттіліктерін барған сайын толық қанағаттандыру екендігіне тоқталған [Правда, 1959].

С.Б.Ниязбеков басқарған өңірдің жетістіктері туралы аудан басшылары, колхозшы тракторшылар, зауыт жұмысшылары, А.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының оқытушылары сөз сөйлегендігі жөніндегі мақала 1959 жылғы 7 қаңтардағы «Правда» газетінің №7(14766) саныда жарияланған.

1963-1964 ж.ж. Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған кездегі Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің пленумында сөйлеген сөзінде өлкенің ауылшаруашылығын одан әрі өркендетіп, интенсификацияға байланысты мәселелерге ерекше тоқталған. Мәселен, «...Өлкеміздің ауылшаруашылық өндірісінің негізгі базасы суарылмалы жер болып табылады. Бүгінгі күнге дейін бізде сумен қамтамасыз етілген 597 мың гектар жер бар, онда ауылшаруашылық дақылдарының мақта, қант қызылшасы, күріш, жүгері, овощ және басқа да осы сияқты негізгі түрлері өсірілуде. Партия мен үкімет біздің өлкемізде суармалы егіншілікті өркендетуге баса көңіл бөлуде. Тек соңғы бес жыл ішінде ғана өлкенің ирригациялық құрылыстарына 42 миллион сом қаржы жұмсалынып, 25 мың гектердан астам жер игерілді», - дей келе алдағы уақыттағы жоспарланған жұмыстың қарқынын айтқан. Онда, тек Шымкент облысының өзінде 1970 жылы мақтаның егіс көлемі 36 мың гектарға ұлғайтылып, ол 80 мың гектарға дейін жеткізіледі, ал шитті мақтаның жалпы өнімі жалпы өнімі 120 мың тоннаға дейін жетеді, немесе 1963 жылға қарағанда екі есе дерлік артатындығын туралы жоспардан хабардар еткен. С.Б.Ниязбеков ауыл шаруашылығын өркендету үшін ауыл шаруашылығын механикаландыру үрдісін қолға алудың ең басты тиімді тұсы ауыл еңбеккерлерін арнаулы кәсіпке бейімдеу – кезек күттірмейтін проблема екендігіне назар аудартты. Осы бағытта өлкелік, облыстық партия комитеттері мен селолық партия комитеттері бұл дәрежеде белгілі дәрежеде жұмыс жүргізгендігі мын цифрлық көрсеткіштерден көрінеді: артта қалған 72 шаруашылықтың экономикасын өрге бастыру үшін совхоз директорлары, колхоз председательдері мен бас мамандары қызмет орындарына 114 маман, ал бөлімше басқарушылары, ферма меңгерушілері мен бригадирлік қызметке 178 адам жіберілген [Ниязбеков С.Б. 1964]. Міне, осы кезде В.Светличный, В.Тюпко,

Б.Жақаев, В.Первицкийлер ауыл шаруашылығы өндірісінің жаңашылдары деп танылып, олардың әдістері тәжірибе көздерінің негізіне айналған.

Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитеті Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарындағы барлық мәселелерді шешкен. Сабыр Біләлұлы адам құқығын қорғау жөніндегі сот отырыстарына қатысып отырған. Сол кездерде Оңтүстік өңірлерде белең алған «қыз алып қашу» ғадетіне қатаң тыйым салғандығы турасындағы Сот отырысының Қаулылары сақталған.

1967 жылы 30 тамызда С.Б. Ниязбеков Жамбыл облысына Ленин орденін табыс етіп, өз сөзінде «облыстың еңбекшілеріне жақсы еңбек етіп, экономика мен мәдениетті өрге бастыру ісінде Отанымызды жаңа табыстарымен қантатынына, мерекелік міндеттемелерін абыроймен орындайтынына сенім білдіруіме рұхсат етіңіздер», - деген тілегін айтқан. Мұнда Жамбыл облысының тыныс-тіршілігіне жан -жақты тоқталған. Облыстағы ауыл шаруашылығы бойынша егіншілік және мал шаруашылығы, көкөніс өсіру мен өндіріс, электр станциясы, кен орындары химия саласының сан қырлы жұмыстардың көрсеткіштерін сараптады. С.Ниязбеков өңірдің мәдени-ағарту саласы туралы: «1914 жылы Әулиетата уезінде 3,3 мың адам оқитын 55 мектеп болды. Облыста бірде-бір аурухана болған жоқ. Қазір мұнда жалпы білім беретін бес жүздей мектеп бар, онда 170 мыңнан аса бала оқиды, тоғыз мыңнан аса мұғалім жұмыс істейді. Шалғай аудандардағы малшылардың балалары үшін жеті мектеп-интернат және жиырмадан аса пионер лагері салынды. 345 бұқаралық кітапхана, кең экранды 11 кинотеатр, драма театры, 135 клуб пен мәдениет үйі және басқа көптеген мәдениет орталықтары еңбекшілерге қызмет көрсетуде», - деді [Социалистік Қазақстан, 1967].

1967 жылы 30 тамызда С.Б. Ниязбеков Жамбыл облысына Ленин орденін табыс етіп, өз сөзінде «облыстың еңбекшілеріне жақсы еңбек етіп, экономика мен мәдениетті өрге бастыру ісінде Отанымызды жаңа табыстарымен қантатынына, мерекелік міндеттемелерін абыроймен орындайтынына сенім білдіруіме рұхсат етіңіздер», - деген тілегін айтқан. Мұнда Жамбыл облысының тыныс-тіршілігіне жан -жақты тоқталған. Облыстағы ауыл шаруашылығы бойынша егіншілік және мал шаруашылығы, көкөніс өсіру мен өндіріс, электр станциясы, кен орындары химия саласының сан қырлы жұмыстардың көрсеткіштерін сараптады. С.Ниязбеков өңірдің мәдени-ағарту саласы туралы: «1914 жылы Әулиетата уезінде 3,3 мың адам оқитын 55 мектеп болды.

Облыста бірде-бір аурухана болған жоқ. Қазір мұнда жалпы білім беретін бес жүздей мектеп бар, онда 170 мыңнан аса бала оқиды, тоғыз мыңнан аса мұғалім жұмыс істейді. Шалғай аудандардағы малшылардың балалары үшін жеті мектеп-интернат және жиырмадан аса пионер лагері салынды. 345 бұқаралық кітапхана, кең экранды 11 кинотеатр, драма театры, 135 клуб пен мәдениет үйі және басқа көптеген мәдениет орталықтары еңбекшілерге қызмет көрсетуде», - деді [Niyazbekov, 1967: 861].

С.Б.Ниязбеков 1965-1978 жылдар аралығында КСРО делегациясын бастап көптеген шетелдерде іссапармен болды. Қойындәптерінде «Поездка в Монреаль» деп өз қолымен жазған ақпарат бойынша 1967 жылғы Монреальда өткен ЭКСПО -67 көрмеге барған адамдардың тізімі және түсініктеме берілген. Онда, «1967 жылы Монреальда өткен дүниежүзілік көрме (қысқаша ЭКСПО-67) 1967 жылы 27 сәуірде ашылды және 1967 жылдың 29 қазанына дейін жұмыс істеуі керек. Француз жазушысы Антуан Де Сан-Экзюперидің «Адамзат Жері» атты әйгілі әңгімесінің атауы таңдалған. Көрменің ұраны - Адамзаттың экономикадағы, ғылымдағы, құрылыстағы, мәдениеттегі жетістіктерін көрсету және қазіргі адамның рухани әлемін ашуға бағытталған. Көрмеге әлемнің 62 елі, соның ішінде Кеңес Одағы қатысты. Жалпыұлттық павильоннан басқа, КОКП ОК Саяси Бюросы мен КСРО Үкіметінің шешімі бойынша көрмеде Кеңес Одағының барлық Одақтас республикалары өздерінің ұлттық күндерін өткізді. Кестеге сәйкес Қазақстан күнін 9 шілдеге дейін өткізу жоспарына сәйкес, Қазақ КСР үкіметтік делегациясын Қазақстан КП ОК келесі құрамда бекітті:

Ниязбеков С.Б. -Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі;

Имашев С.Н. – Қазақстан ОК КП хатшысы;

Есенов Н.Е. – президент АН Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті;

Омаров И.О. – Қазақ КСР мәдениет Министрі;

Шәріпов А.Ш. – Қазақ КСР жазушылар одағының председателі;

Әшімов Б. – Қарағанды облыстық атқару комитетінің председателі;

Тәкежанов С. – Лениногорск комбинатының бас инженері;

Асанов К. – Алматы облысы, Талдықорған ауданы, КОКП XXII Партсъезд атындағы колхоздың председателі;

Киреев А.И. – комбайншы, Целиноград облысынан;

Құрманбаев Н. – шет тілдері институтының кафедра меңгерушісі.

Сонымен қатар бізбен бірге Монреальға бір топ әртістер барды...» [Ниязбеков, отбасылық архив] дей келе, ары қарай көрменің өту кезіндегі кездесулер, сұхбаттар, атқарылған істер туралы баяндайды. Бұл қойындәптердегі жазбаларды өткен күндерге көз жібере отырып, зейнеткерлікке шыққан соң топтастырып, жазбақшы болған деп топшылаймыз.

«Ля пресс» (французша) және «Ди Газетт» (ағылшынша) шығатын Монреаль газеттерінде «Ұлы мәдени жаңғыру», «Қазына елі» сынды және т.б. айдарлармен мақалалар жарияланған. Онда, Көрменің өтуі мен Қазақ КСР-нің экономикалық және мәдени бағытын таныстыру туралы былай деп жазылған: «9 шілдеде, КСРО павильонында Қазақ КСР-ы күні таңертеңгі сағат 10 да ашылды. Ашылу салтанатында КСРО-ның Канададағы елшісі И.Ф.Шпидько қатысты және ЭКСПО-67 көрмесіндегі Кеңес секциясының Бас комиссары П. А. Червяков пен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі С.Б.Ниязбеков қысқаша құттықтау сөз сөйледі. Қазақ КСР туын КСРО Халық әртістері Е. Серкебаев пен Б.Төлегенова көтерді. КСРО мен Қазақ КСР әнұрандары орындалды» [Niyazbekov, family archive, 1972].

Сондай-ақ, көрмені тамашалауға келгендерге көптеген значоктар, Қазақстан туралы брошюралар таратылып, «Московские новости» газетінің сол күнгі санында ағылшын және француз тілдерінде республика туралы ақпараттар берілген. «Күні бойы радиоорталық арқылы республика туралы телефильмдер таратып отырды. Кинозалда «Қазақфильм» киностудиясының деректі фильмдері көрсетілді. Радио және теледидар бағдарламалары мен фильмдерді көрсету Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы бұрын бекітілген жоспарға сәйкес қатаң түрде жүргізілді. «Сіз Кеңестік Қазақстанды білесіз бе?» тақырыбындағы викторина Көрмеге келушілердің белгілі бір қызығушылығын тудырды», - делінген. 1971 жылдан қоғамдық негізде және зейнеткерлікке шыққанан кейін де республикалық Ескерткіштер қорғау қоғамы Орталық Кеңесінің Төрағасы болып қызмет атқарды.

С.Б.Ниязбеков 1971 жылы қоғамдық негізде республикалық Ескерткіштер қорғау қоғамын құрып, оны 1971-1989 жылдары өзі басқарды. Тарихи ескерткіштерді

қорғау жөнінде Жоғары Кеңес сессиясында арнайы Заң қабылданды. С.Ниязбековтің Кеңестік дәуірдегі коммунистік партияның идеологиялық бағытына үйлестіре Қазақстандағы ұлттық тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау қоғамын құруы елдің өткені мен болашағын үйлестіру үшін жасалған игі шара екендігі даусыз. Қазіргі «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша көтеріліп жатқан тарихи-мәдени жобалардың бастамасында өткен ғасырдың жетпісінші жылдары С.Ниязбеков тұрғанын мойындау керек. Ескерткіштерді қорғау мәселесіне белгілі ғалым Әлкей Марғұлан, мүсінші Шота Уәлиханов, Өзбекәлі Жәнібеков, Болат Сарыбаев және басқа да қоғам мүшелерінің атқарған жұмыстарының қаншалықты маңызды болғаны көпке мәлім. С.Ниязбеков бірінші кезекте Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіруді қолға алды. Жұмыстарды қаржыландыру Мәдениет министрлігі арқылы жүргізілді, сол жылдары Министрлер Мүсілім Базарбаев пен Жексембек Еркімбеков болды. Жобаларды іске асыру үрдісінде С.Ниязбеков ұлтына жанашыр Ө.Жәнібеков, музыкатанушы Б.Сарыбаев сынды кадрлерге қазақ халқының тарихи-мәдени дәрежесін көтеруді сеніп тапсырды. Нәтижесінде, қазіргі Қабанбай батыр мен Қонаев көшелері қиылысқан жерінен тұрақты ғимарат беріліп, облыстарға арнайы экспедициялар жіберілді. Көптеген жәдігерлер жинақталып, Қазақстанның бірнеше қалалары мен аудандарында этнографиялық музейлер ашылды. Тарихи ескерткіштерге арналған ғылыми конференциялар өтті, кітаптар, буклеттер шықты. Тарихи мұралардың суреттері түрлі түсті открыткалар мен пошта маркаларына басылды. Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі күрделі жөндеуден өтті. С.Ниязбеков Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау туралы заңды құруға және қабылдауға бастама көтергендігі жөнінде сол кездердегі Одақтық, республикалық деңгейде өткізілген іс-шаралар легі мен бірнеше сұхбаттары (интервью), баяндамалары жарық көрген.

1972 жылы, Алматыда Қазақ КСР тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамының бірінші съезі өтті. Оны С.Ниязбеков ашып, «Мәдени ескерткіштерді қорғау – барша халықтың міндеті» («Охрана памятников культуры - всенародное дело») деген тақырыпта баяндама жасады. Онда, С.Ниязбеков мәдени мұра туралы былай дейді:

«Өткеннің мәдени мұрасы біз үшін тарих саласындағы білімімізді терендетудің сарқылмас көзі ғана емес, сонымен бірге біздің қазіргі мәдениетіміздің барлық салаларымен: ғылым, ағарту, әдебиет және өнер ретіндегі негізі болып табылады. Айта

кету керек, бұл салалардағы адам білімі мен жетістіктерінің шыңдары неғұрлым жоғары болса, соғұрлым алдыңғы ұрпақтар жасаған материалдық және рухани құндылықтарды зерттеу және игеру қажеттілігі артады» [Kazakhstanskaya Pravda, 1976: 1].

Осы баяндамада өткеннің тарихи мұрасы тарих саласындағы білімді тереңдетудің сарқылмас қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге қазіргі мәдениетіміздің барлық салалары: ғылыммен, біліммен, әдебиетпен және өнермен біте қайнасып өскен іргетасы екендігіне назар аудартты. Каспий теңізінен Алтай тауларына дейінгі Азияның еркін кеңістігіне жайылған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы КСРО халықтарының материалдық мәдениетінің тарихында маңызды орын алатындығына тоқталды. Мәселен,

- қазақ жерінде алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегі жәдігерлерден бастап орта ғасырлық құрылыстарға жататын көптеген мәдени ескерткіштердің күні бүгінге дейін сақталғандығын;

- Қазақстанда жартаc беттеріне салынған петроглифтердің көп екендігіне;

- Қаратуда, Хан-Тауда, Тарбағатай мен Алтайда, Солтүстік Балқаш өңірінің орталық бөлігінде, Тесіктас пен Қараүңгір тауларында, Бетпақдала мен Жетісуда кездесетінін;

- бұл суреттердің техникасы мен орындалу тәсілі, сюжеттері өлке тарихының және ата-бабаларымыздың тарихи-мәдени дамуының ең керемет түрлері екендігін айта келіп, осы салада Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының атқарып жатқан ғылыми-ізденіс жұмыстарын атап өткен. Сөз соңында Сабыр Біләлұлы: «Адамзаттың осы салалардағы білімі мен жетістіктері қаншалықты биік болса, соғұрлым ілгерідегі жасалған материалдық және рухани құндылықтарды зерделеп, меңгеру қажеттігі арта түсетінін айтуым керек», - дейді.

1976 жылдың 8-9 маусымында Алматыда Қазақ КСР тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамының екінші съезі өтті. Съезді С.Б.Ниязбеков ашып, баяндама жасады. Онда, бұл қоғам өз қатарларында бір жарым миллионға дейін адамды біріктіргендігін, алты мыңнан асатын ұжым мүшелері әр саланың қызметкерлері екендігі және тұрғылықты жерлері де Қазақстанның колхоз,

совхоздары, аудан орталықтары мен оқу орындары, кәсіпорындарда жұмыс істейтін адамдар екендігін мәлімдеген. Ғалымдар мен қайраткерлердің көмегімен мәдени мұраны сақтау жолында жалпы халықты және патриоттық іс-шараларды тарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айта келе, «Бүгінгі таңда республика аумағында он бір мыңға жуық археология, өнер, тарих және сәулет ескерткіштері тіркелген», - деп атап көрсеткен. Баяндаманы талқылау барысында Қарағанды университетінің ректоры, Қазақ КСР ҚҒ Академиясының академигі – Е.А.Бөкетов., Қазақ КСР ҚҒ Академиясының академигі Ә.Х.Марғұлан., Целиноград облыстық Ескерткіштерді қорғау қоғамы облыстық кеңесі төрағасының орынбасары А.В.Андреева., Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы К.М.Аухадиев., Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Д.Снегин., Қазақ КСР ҚҒ Академиясының корреспондент-мүшесі А.Машанов., Қазақ КСР Мәдениет министрі М.Базарбаев., тарих ғылымдарының кандидаты, археолог К.Ақышев., Жамбыл облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары К.Жарқымбеков., Көкшетау облысы Володар ауданы, Сырымбет ауылдық кеңесінің төрайымы З.Атығаева сөз сөйледі. Съезде Орталық тексеру комиссиясының есебі тыңдалып, Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Съезд жұмысына Қазақстан Коммунистік партиясы ОК хатшысы С.Н.Имашов., Қазақстан Коммунистік партиясы Бюро мүшелігіне кандидат, Қазсовпроф төрағасы К.А.Егізбаев., Қазақ КСР Министрлер Кеңесі председателінің орынбасарлары С.С. Жиенбаев., Ш.Жәнібеков, партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының өкілдері, республикалық министрліктер мен ведомстволардың басшылары, мәдениет, өнер және әдебиет қайраткерлері қатысты. Одан өзге Одақтас республикалар - Украина, Белоруссия, Грузия, Әзербайжан, Литва, Қырғызстан мен Түркменстандағы мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамдарының өкілдері келіп қатысқан. Съездде қаралған мәселелер бойынша қоғамның орталық кеңесі мен орталық тексеру комиссиясының құрамы жаңартылып, төрағасы болып Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы С.Б.Ниязбеков бірауыздан қайта тағайындалды [Protocol No. 35, 1977].

Сабыр Біләлұлы сонымен қоса осы жылдары Қазақстандағы Табиғатты қорғау Орталық кеңесін қоса басқарды.

КСРО Мемлекеттік істеріндегі қызметінің ауқымы кең. Мәселен, С.Б.Ниязбековтің Төрағалығымен 1977 жылы 27 майда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының тоғызыншы шақырылымының отырысы өткен. Осы шақырылымда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «КСРО Конституциясының Жобасы» жөніндегі Жарлығы («О проекте Конституции СССР») және 2 пункті бойынша КСРО Мемлекеттік Гимнінің мәтіні мен әуенінің редакциясын бекіту туралы шешім қабылданған. 1 және 2 пункттер бойынша Л.И.Брежнев пен М.А.Сусловтың баяндамасынан соң, С.Б.Ниязбеков сөз сөйлеп, Жарлықпен таныстырған. Хаттамада, Мемлекеттік Гимннің мәтіні мен әуенінің жариялану күнін анықтау С.Б.Ниязбеков пен М.П.Георгадзеге тапсырылғандығымен қоса:

а) КСРО Мемлекеттік Гимнінің одақтас республикалар тілдеріне аударылуын қамтамасыз етсін және аударма мәтіндерін 1977 жылғы 1 тамызға дейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына ұсынсын;

б) КСРО Мемлекеттік гимнінің мәтінін КСРО халықтарының тілдеріне аудару жұмысын ұйымдастыру көрсетілген.

2 пунктке КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1977 жылдың 27 мамырында бекітілген КСРО мемлекеттік гимнінің орыс тіліндегі мәтіні мен нотасы берілген. Құжатта КПСС ОК Бас секретары Л.И. Брежнев жолдас;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Төрағасының орынбасарлары М.А.Яснов., А.Ф. Ватченко., Н.М. Матчанов., П.Г. Гиашвили., К.А.Халилов., А.С. Баркаукас., К.Ф.Ильяшенко., П.Я. Страутманис., Т.Кулатов., А.М. Клычев., А.П. Вадер;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Хатшысы М.П. Георгадзе;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшелері: А.В.Гиталов., В.В. Гришин., Н.А. Злобин., В.И. Конотоп., В.В. Николаева-Терешкова., Н.А. Новоселова., З.П. Пухова., Ш.Р. Рашидов., Г.В.Романов., Г.Н.Смирнов., Ф.А. Табеев., Л.Г.Тынель., С.С. Цецегов., М.З. Шакиров.;

КПСС ОК Политбюро мүшесі, КПСС ОК Хатшысы М.А. Суслов;

КПСС ОК Политбюро мүшелігіне кандидат, КПСС ОК Хатшысы Б.Н.Пономарев;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Одақтық Кеңесінің Төрағасы А.П.Шитиков;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің Төрағасы В.П.Рубен;

КСРО сыртқы істер министрі Н.А.Щелоков;

КСРО Юстиция министрі В.И.Теребилов;

КСРО Жоғарғы Сотының Төрағасы Л.Н.Смирнов;

КСРО Бас Прокуроры Р.А.Руденко;

Белорус КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы Поляков;

Армян КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы Б.Е.Саркисов;

Кеңестер Армиясы мен Әскери-теңіз Флотының Негізгі саяси кеңесінің бастығы А.А.Епишев;

КПСС ОК мәдениет Бөлімінің меңгерушісі В.Ф.Шауро;

КСРО Министрлер Кеңесі және Кеңестер Одағы Телеграф агенттігінің Бас директоры Л.М.Замятин;

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік қауіпсіздік Комитеті Председателінің бірінші орынбасары С.К.Цвигун;

КСРО еңбекшілер депутаттары Кеңесінің «Известия» газетінің бас редакторы П.Ф.Алексеев;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Хатшылығының Басшысы В.И.Васильев; Хатшылық басшысының орынбасары И.И.Алаторцев;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Төрағасының көмекшілері мен Хатшылары В.В. Картунов., Н.Н. Куриленко., В.С.Китаев., А.Н. Жарков;

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының бөлім меңгерушілері және басқа да жауапты қызметкерлер: В.Г.Высотин., П.П.Гуреев., А.Н.Копенкин., Д.Н.Никитин., М.П.Скляр., Р.А-Б. Эльдарова., А.А.Буробин., Ю.А.Королев., Н.А.Николаева., В.Л.Сорокин., Р.Н.Владимирцев;

«Советы депутатов трудящихся» журналының бас редакторы М.Ф.Стрепуховтар қатысқандығы көрсетілген [Protocol No. 36: 1977].

Сондай-ақ, С.Б.Ниязбековтің Төрағалығымен 1977 жылы 15 маусымда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының тоғызыншы шақырылымының отырысы (алтыншы сессиясы) өткен. Бұл отырыс 36 протоколының 1 пункті «О ратификации Договора о дружбе и сотрудничестве между Союзом Советских Социалистических республик и Народной Республикой Мозамбик» деп тіркелген.

3 пунктінде КСРО және одақтас республикалардың орман заңдарының негіздерінің жобалары туралы күн тәртібінде қаралған.

4-16 пункттерде Сотталғандарға кешірім жасауға өтініш ету мәселесі *Ходатайство о помиловании осужденных* кешірім жасау туралы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысы С.Б. Ниязбековтің, КСРО Жоғарғы Сотының Төрағасы Л.Н.Смирнов және КСРО Бас Прокуроры Р.А.Руденконың құзіреттілігімен жүзеге асқандығы тіркелген. Бұл құжатта сотталған 18 адамның аты-жөні көрсетілген [Arkhipenko, 1977: 1059; Man and Natura, ICDI/03920].

«Советская понарама» деп аталатын саяси ғылымдар агенттігінің (АПН) журналында Қазақстандағы Табиғатты қорғау Орталық кеңесінің атқарып жатқан жұмыстары жайлы С.Ниязбековпен агенттіктің меншікті корреспонденті Равилем Биктагировтің «КАЗАХСТАНСКИЙ ПОДХОД К ЭКОЛОГИИ» (15.ІІІ.77.АПН I СД/О 3920 РБ) атты сұхбатта тұшымды ақпараттар қамтылған. Мысалы:

«Корреспондент:

- Сіз қазақ қоғамының табиғатты қорғау Орталық кеңесін басқарасыз. Яғни, қоршаған ортаға сөзсіз әсер ететін табиғи ресурстарды өнеркәсіптік игеруге, сонымен қатар оны қорғауға қамқорлық жасауға бағытталған шешімдерге қол қоясыз. Мұнда қайшылық жоқ па?

С.Ниязбеков:

- Ешқандай қайшылық жоқ. Табиғатқа қамқорлық Жоғарғы кеңестің функцияларына да кіреді. Бұл мәселемен біздің тұрақты депутаттық комиссияларымыздың бірі арнайы айналысады. Өткен жылы, мысалы, Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР-нің Жер қойнауы туралы Кодексін қабылдады, ал Президиум құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің *Кен емес кен орындарын игеру кезінде» табиғатты қорғау туралы есебін тыңдады. Сондай – ақ, республикада алтыншы*

қорық-Марқакөлді ұйымдастыру туралы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы бекітілді [Протокол №36, 1977 г.].

Осы сұхбатта Сабыр Біләлұлы Ниязбеков ағымдағы бес жылда Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау шараларына мемлекет тарапынан кәсіпорын қорына 200 миллион сом қаражат бөлінгенін, «Казахстанская правда» газетінде табиғатты қорғау жөніндегі арнайы рубрика құрылғанын және онда энтузиасттардың қатары көбейіп (2 миллионнан аса), олардың тың идеяларын насихаттауға платформа берілгеніне тоқталды. Бұдан өзге облыстық, аудандық баспасөзде, радио мен телехабарлар арнайы қоршаған ортаны қорғауға байланысты жылына 4-5 мың корреспонденция таратылатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, Қазақстанда табиғат жанашырларының халық университеттері, мектептері мен клубтарында жылына 12 000-ға дейін өткізілетін әңгімелер мен кеңестері де бұл қоғамның үлкен танымалдыққа ие болуына игі әсерін тигізген. Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау қоғамы сегіз секция бойынша жұмыс істеп, оған әртүрлі білім саласындағы мамандар, партия, кеңес шаруашылық басшылары және белсенді студенттердің арасынан туған жерді қорғау үшін қоғамдық инструкторлар тағайындалған. Олардың тікелей қатысуымен Қоғамның Орталық Кеңесі ғылыми-әдістемелік конференциялар ұйымдастырып, ұсыныстар әзірлейді, плакаттар шығарады, рейдтер жүргізеді, бастауыш ұйымдардың есебі тыңдалып, үкіметке түрлі ұсыныстар енгізуге мүдделі екендіктері ескерілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда Елімізде аса күрделі оқиғалар белең алып, халық пен өкіметтің арасында әртүрлі мазмұндағы мәселелер көтеріліп жатқаны баршаға мәлім. Әр заманның өзіне тән Құрылымы, Заңдары, көшбасшылары, рухани ағартушылары (интелигенция) және бұқарасының өмір сүру ережелерін ежелден бері философтар хатқа тізіп, көптеген трактаттар жазып қалдырған-ды. Ежелгі философтардан бастап, бүгінге дейінгі жазылып һәм айтылып келе жатқан келе жатқан дүниетанымдық көзқарастардағы басты идея жалпыадамзаттың асыл қасиеті адамгершілік қағидаларына тірелгенімен құнды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумында көтерілген мәселелер мен С.Ниязбеков басқару қызметінде болған кездердегі Қазақстанның облыстарында атқарылған жұмыстардың өзекті тұстарын айшықтау үрдісінде нақты құжаттық

дәлелді фактілерге, оның ішінде статистикалық көрсеткіштер мен қаулыларға жүгіне келе, С.Ниязбековтің ғұмырнамасы бірнеше бағытта ауқымды зерттеу көздеріне негіз болады деп топшылаймыз. Өйткені, С.Ниязбековтің тек баяндамаларының өзі ғана бірнеше томдарға жүк болатынын айта келіп, мемлекеттік деңгейде атқарған істерінің ауқымын осы мақалаға кірмеген мынадай қосымша фактілер бойынша қарастыруға болады:

- ауылшаруашылығын өркендету;
- ауыл мен селоны көркейту;
- мәдени нысандарды қорғауға алу;
- Қ.Яссауи кесенесіне қатысты мәселені мемлекеттік деңгейде көтеруі;
- кезінде «халық жауы» деп тарихтан ысырылған Т.Рысқұловты ақтау ісімен тікелей айналысуы;
- ән мен жырдың кені – халық ақыны, композитор К.Әзірбаевтің өнерін бағалап, мерейтойын республикалық деңгейде атап өту;
- адам құқығына қатысты сот отырыстарына қатысып, қадағалауы;
- КСРО және Қазақ КСР-ның Заңдарын бекітуге және қабылдауға шешім шығаруға төрағалық етуі;
- Дипломатиялық келіссөздер жүргізуі,
- Шетелдерге КСРО делегациясын бастап апаруы;
- Қазақстанға ресми сапарымен келген шетел басшыларын қабылдауы және т.с.с., тізе берсек басқа да көптеген қызметтері тарихшыларға, мәдениеттанушыларға, аймақтанушыларға, халықаралық байланыс мәселесіндегі дипломатиялық саланы зерттеушілерге, саясаттанушылар мен журналистерге ауқымды ақпарат көзі болады деп санаймыз. Әсіресе, Заң саласындағы ізденушілерге С.Ниязбековтің қолымен бекітілген Заңдар мен Қаулыларды және ол қатысқан адам құқығына қатысты сот отырыстарының күн тәртібіне шолу жасап, атап көрсету орынды болмақ.

Қазақ КСР-ның басқарушы органдарында Кеңес дәуірінің кадр мәселесін шешу барысында ақыл-ойы терең, парасат-пайымы мол адал да патриот тұлғалар

Ж.Шаяхметов, Ж.Ташенов, Н.Оңдасыновтармен С.Ниязбековтің де үзеңгілес жүріп Елге қызмет еткенін қолымыздағы тарихи-құжаттық материалдар дәлелдеп отыр.

EXTENDED SUMMARY

The purpose of the article is an in-depth analysis of the managerial and diplomatic activities of the prominent state and political figure S. B. Niyazbekov as a historical figure based on the history of the Kazakh SSR of the 20th century, his merits in the national interests. In the course of revealing the portrait of the figure S.B. Niyazbekov by personification, the process of presenting the merits of the personality of a patriot became the basis for large-scale research in several directions through a review of the history of the Kazakh SSR of the twentieth century. His life path with service in the state took place in those times, which sought to build communism. Sabyr Bilyalovich is a patriotic personality who directed his position to the implementation of ideology in the program of the Communist Party to serve the interests of his native country: the knowledge and prosperity of the spiritual world of the Kazakh people. Therefore, in the introduction, we indicated that the life path of Niyazbekov Sabyr Bilyalovich, who faced the Soviet era, is closely connected with the history of that period, can serve as a source of detailed comprehensive research for an objective understanding of the history of the Fatherland by modern and future generations. In proving the reliability of historical facts, historicity, source systematization, textual analysis of historical data in the domestic and foreign press are provided, and in chronological order of official texts and reports, the text is grouped by content in accordance with the scope of information sources. From 1965 to 1978, S.B. Niyazbekov served as Chairman of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR and Deputy Chairman of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR.

As a 6-time deputy of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR, 3-time deputy of the Supreme Soviet of the USSR and a member of the Plenum and bureau of the Communist Party of Kazakhstan, he was repeatedly elected a delegate and member of the congresses of the Republican and Union parties. 3 times was awarded the Order of Lenin (1971, 1973, 1976), 2 times the Red Banner of Labor (1957, 1962) and dozens of medals.

During the grouping of documents and manuscripts, the questions raised by the Presidium of the Supreme Council of the Kazakh SSR in 1965-1978 and the current moments of the work done in several regions of Kazakhstan under the leadership of S.B. Niyazbekov

were used; actual documented facts recorded in statistical indicators and resolutions. This article included an analysis of life principles through memories of his faithful service to the Motherland. The deep recognition of S. B. Niyazbekov is revealed in the dynamics of the formation and development of the Kazakh SSR in the twentieth century through a broader consideration of the economic, political, social, historical and cultural state of the state. Considering the path of Sabyr Bilyalovich Niyazbekov as a statesman, his biography and family potential in connection with the socio-political situation in the Akmola region in the first quarter of the twentieth century, the stages of passing the school of life on the formation of public relations and receiving primary education under the influence of the intelligentsia, which absorbed the elements national-historical-cultural consciousness through the adult environment, coincided with the difficult time in the country. - we directed what happened to the true disclosure. In the process of systematizing the activities of S. B. Niyazbekov, who headed several regions of the Republic of Kazakhstan in chronological order, we used statistical data, information regarding the dynamics of the development of historical, cultural, agricultural, economic, scientific and other industries of the last century with an emphasis on regional features. When reviewing the results of the study, we presented the chronology of his life. Paying attention to the fact that for the development of agriculture one of the most effective directions for the implementation of the process of mechanization of agriculture is the adaptation of rural workers to a special craft - an urgent problem, we focused on statistical indicators. In his reports, Niyazbekov S. B. focused on statistical indicators of achievements in the field of agriculture, economics, industry and education in the regions of the Kazakh SSR, issues of protecting historical and cultural sites of Kazakhstan, fair decisions of court hearings relating to human rights. Besides:

- Presided over the meetings of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR and the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR in the approval and adoption of decisions;

- Raise the issue of the Mausoleum of K. Yassauı at the state level;
- Presentation of awards of the USSR and the Kazakh SSR;
- at the head of the delegation of the USSR trips abroad;
- Reception of a foreign delegation on an official visit to Kazakhstan;

Issues such as conducting diplomatic negotiations with foreign leaders require a deeper and more intelligent, healthy, fair conclusion. With all this in mind, we have summarized it in this article based on historical documentary evidence.

The socio-political positions of the politician S.B. Niyazbekov contribute to a deep recognition of the fact that Kazakh spirituality is in tune with centuries-old historical, cultural, and moral principles. He initiated the creation and adoption of the law on the protection of historical and cultural monuments of Kazakhstan. Niyazbekov S. B. In 1971, on a voluntary basis, he founded the Republican Society for the Protection of Monuments, which he headed in 1971-1989. At the session of the Supreme Council for the Protection of Historical Monuments, a special law was adopted. In 1971, at the session of the Supreme Council, the Law of the Kazakh Soviet Socialist Republic "On the protection of historical and cultural monuments" was adopted. The law consists of 5 sections, 24 articles. The message of the bill notes that on the territory of the Kazakh SSR there are San Alauan monuments of history and culture, which symbolize the wisdom of the Kazakh steppe, its way of life, culture, art, revolutionary traditions, the heroic struggle for the freedom and independence of our Motherland, together with other peoples of the USSR, that these monuments are of great scientific, artistic, cultural and educational value. Undoubtedly, the creation by S. Niyazbekov of the National Society for the Preservation of Historical and Cultural Monuments in Kazakhstan in accordance with the ideological course of the Communist Party in the Soviet era was a noble undertaking designed to harmonize the past and future of the country. Particular attention was paid to the fact that the current historical and cultural projects under the program "Ultyk ruhani zhangyru" were accompanied by the initiative of S. Niyazbekov in the seventies of the last century. S. Niyazbekov took the initiative to create and adopt a law on the protection of historical and cultural monuments of Kazakhstan, during which a stream of events held at the Union, republican levels, as well as several interviews (interviews), reports were published. In 1972, the first congress of the Society for the Protection of Historical and Cultural Monuments of the Kazakh SSR was held in Almaty. It was opened by S. Niyazbekov and made a report on the topic: "Protection of cultural monuments is a nationwide affair." In this report, it was emphasized that the historical heritage of the past is an inexhaustible source of deepening knowledge in the field of history, and the foundation on which all spheres of our modern culture are shrouded: science, education, literature and art. The Kazakh Soviet Socialist Republic, spread over the free space

of Asia from the Caspian Sea to the Altai Mountains, occupies an important place in the history of the material culture of the peoples of the USSR.

The sphere of activity of Niyazbekov Sabyr Bilyalovich in the state affairs of the USSR is also wide. So, under the chairmanship of S. B. Niyazbekov, on May 27, 1977, a meeting of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR of the ninth convocation was held. In this convocation, a decision was made to approve the Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR on the "draft Constitution of the USSR" ("On the draft Constitution of the USSR") and the revision of the text and melody of the national anthem of the USSR under paragraph 2. Under the chairmanship of S. B. Niyazbekov, on June 15, 1977, the meeting (sixth session) of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR of the ninth convocation. On the agenda were discussed the draft fundamentals of the forest legislation of the USSR and the union republics. Paragraphs 4-16 state that the issue of a petition for pardon for convicts ("Petition for pardon for convicts") was carried out under the competence of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR Niyazbekov S. B., Chairman of the Supreme Court of the USSR Smirnov L. N. and Prosecutor General of the USSR Rudenko R. A. This document contains the names of 18 convicts.

In the journal of the Political Science Agency (APN) under the title "Sovetskaya Ponarama" about the work carried out by the Central Environmental Council of Kazakhstan, an article by S. Niyazbekov "KAZAKHSTAN'S APPROACH TO ECOLOGY" was published, received by the agency's own correspondent Ravil Biktagirov (15.III.77.APN I SD / O 3920 RB).

Summing up, the author expressed confidence that deep knowledge, study of the life path of Niyazbekov S.B. will make it possible to comprehend the essence of the struggle of the national intelligentsia for the future generation, for the independence of the nation, to awaken patriotic feelings for the Motherland and lead a conscious life.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

Тоқаев Қ., (2005). Әке туралы толғаныс. Алматы: Парасат, 199 б.

Рамазанова Б., (2006). Елім деп соққан жүректер. Ойтолғау. 240 б.

Бақтыбаев Т. (2006). Шапағат шуағы. Астана: Арай баспасы, 238-239 бб.

Ниязбеков С. Жеке отбасылық архивінен. 2

Апсаметов М. По заветам учителя нации. [«Вечерняя Астана»](#) №439, 19.11.2018.

Ниязбеков С. Жеке отбасылық архивінен. 2

“Правда” газеті, №7(14766) 1959 жылғы 7 қаңтар.

Ниязбеков С. Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің пленумында сөйлеген сөзі. “Оңтүстік Қазақстан” газеті, 1964 жыл, №122(583) сенбі, 23 мамыр.

“Социалистік Қазақстан” газеті, № 202, (12740) 30 тамыз, 1967 ж.

Sabir Niyazbekov, President of the President of the Kazakh Supreme Soviet, Genuine Sovereignty and Statehood. “Moscow NEWS”, №26 (861) July 8-156 1967. Weekly, 6 16/2 Gorky Street, Moscow* Puice 6 kopeks.

Ниязбеков С., Жеке отбасылық архивінен. 2

Ниязбеков С., (1972). Доклад на первом учредительном съезде общества охраны памятников культуры Казахской ССР. -Алматы, 1972 г.

“Казахстанская правда” газеті, №132 (16.241). стр 1. 9 июнь, 1976 г.

Протокол №35, Заседание Президиума Верховного Совета СССР, девятого созыва, май, 1977 г.

Протокол №36, Заседание Президиума Верховного Совета СССР, девятого созыва, 15 июнь, 1977 г.

Человек и природа. Казахстанский подход к экологии (ICDI/03920) Председатель Президиума Верховного Совета Казахской ССР Сабир Ниязбеков рассказывает, как охраняется природа Казахстана. (5,0 стр). Советская панорама. АПН-Вестник Агентство печати новости; №51 (1059) 15 марта 1977 года. Ред. А.Архипенко.

REFERENCES

Tokayev K. (2005). Reflections On The Father. Almaty: “Parasat”, 2005. - 199 p. 2018

Ramazanova B. (2006). Elim Dep Sokkan Jurekter. Oitolgau. -2006. 240 b.

Baktybaev T. (2006). Shapagat Shuagy. Astana: "Arai" Baspasy, 2006. ISBN 9965-99-05-4-7. 238-239 bb

Niyazbekov S. B. From The Personal Family Archive.

Apsametov M. (2018). According to the precepts of the teacher of the nation. "Evening Astana" No. 439, 19.11.2018.

Niyazbekov S. B. from the personal family archive.

Newspaper "Pravda", No. 7(14766) January 7, 1959.

Niyazbekov S. (1964, 1967). Speech at the plenum of the South Kazakhstan regional party committee. / Newspaper "South Kazakhstan", 1964, No. 122(583) Saturday, May 23
9. newspaper "Socialist Kazakhstan", No. 202, (12740) August 30, 1967

Sabir Niyazbekov (1967). President of the President of the Kazakh Supreme Soviet, Genuine Sovereignty and Statehood. «Moscow NEWS» №26 (861) JULY 8-156 1967.
WEEKLY6 16/2 Gorky Street, Moscow* Puice 6 kopeks

Niyazbekov S. (1972). From the personal family archive. 12. Niyazbekov S.B. Report at the first educational congress of the Society for the Protection of Cultural Monuments of the Kazakh SSR. – Almaty

"Kazakhstanskaya Pravda" Gazeti, No. 132 (16.241). page 1. June 9, 1976

Protocol No. 35, Meeting of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR, Ninth convocation, May, 1977

Protocol No. 36, Meeting of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR, Ninth Convocation, June 15, 1977

Man and nature. Kazakhstan's Approach To Ecology (ICDI/03920) Chairman of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR Sabir Niyazbekov Tells How The Nature Of Kazakhstan Is Protected. (5.0 pages). Soviet Panorama. APN-Vestnik Press Agency Novosti; No. 51 (1059) March 15, 1977. Ed. by A.Arkhipenko.